

## ХАЛЫҚ ҚАХАРМАНЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВА: СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Наурызова Нұржамал Асқарқызы nauryzzova@gmail.com «Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1-курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

Хиуаз Доспанова – қазақ халқының даңқты перзенті, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлігімен ел есінде қалған алғашқы қазақ әйел-ұшқышы. Алайда оның өмірі тек соғыс майданында көрсеткен ерлігімен шектелмейді. Соғыстан кейін де Хиуаз Қайырқызы туған еліне аянбай қызмет жасады. Ол Қазақстандағы саяси, қоғамдық және әлеуметтік өмірдің дамуына зор үлес қосып, халықтың игілігі үшін еңбек етті. Бұл мақалада оның соғыстан кейінгі қоғамдық қызметіне, саяси белсенділігіне және халық игілігі үшін атқарған еңбегіне тоқталамыз. Көкке самғауды екінің бірі армандағанымен, шын мәнінде ұшқыш болу – санаулы жанның ғана маңдайына жазылған бақ. Хиуаз Доспанова бала күнінен аспанды аңсап, ұшқыш болуды армандады. Ол мақсатына соғыс жылдарында жетті. Кеңес әскері құрамында Марина Раскова басқарған әйелдерден құралған түнгі бомбалаушы-ұшқыштар полкі құрылды. Кейіннен бұл полк «Қызыл Ту орденді Таман гвардиялық, 3-дәрежелі Суворов орденді түнгі бомбалаушы әуе полкі» деп аталды. Хиуаз сол полктің қатарында болған жалғыз қазақ қызы еді. Хиуаз соғысқа 19 жасында аттанды. Бойы небәрі 150 см, нәзік те алғыр қыз жер бауырлап ұшатын ПО-2 ұшағын тізгіндеді. Түнгі әуе шабуылдарын орындаған бұл полкті немістер «түнгі мыстандар» деп атап кетті. Олардың міндеті – жаудың қару-жарақ қоймалары мен әскери техникаларын бомбалау еді. Гитлер «түнгі мыстандардың» ұшағын атып түсірген жауынгерді марапаттап, тіпті үйіне демалысқа жіберуге уәде бергені тарихта жазылған. ПО-2 ұшағы өте шағын, екі адамға ғана арналған. Алдыңғы орындықта ұшқыш отырса, артқы орындықтағы штурман ұшу бағытын белгілеп, бомба нысанаға дәл түсуі үшін есептеулер жүргізді. Хиуаз Доспанова №46 гвардиялық полктың штурманы атанды. Майдандастары оны «Катя» деп еркелетті. Ол күніне 7-8 рет әуеге көтеріліп, жау шебін бомбалаған. Бірде осындай шабуылдан қайтып келе жатқанда, Хиуаздың ұшағы апатқа ұшырады. Бұл 1943 жылы болған оқиға еді. Жауынгер қыздар түнгі рейд кезінде ұшақтың жарығын өшіріп ұшатын. Тапсырмадан сәтті оралған соң, олар тұраққа қонуға бет алады. Сол кезде басқа бір ұшақпен қақтығысып, Юля Пашкова басқарған ұшақ жерге құлап, қаза табады. Хиуаз ауыр жарақат алады [1]. Госпитальда бірнеше ай емделіп, аяқ-қолы гипсте жатқанымен, толық сауығып кетуі мүмкін болмады. Дегенмен, Хиуаз майданға қайта оралды. Аяғы қозғалысқа толық икемделмегендіктен, ұшақтан түспей, кабинкада тынығып, келесі күні сол орыннан ұшуға мәжбүр болды. Соғыстың соңына дейін ол 300-ден астам жауынгерлік ұшуды орындап, жау техникасын жойды. Соғыс біткен соң, барлық майдангер қыздар Кеңес Одағының Батыры атағын алғаны мәлім. Алайда, Хиуаздың есімі марапаттаушылар тізіміне енбей қалды. Бұл әділетсіздік туралы белгілі жазушы, соғыс ардагері Әзілхан Нұршайықов өз еңбектерінде «Талғат Бигелдинов – 305, Леонид Беда – 211, Сергей Луганский – 390 рет әуеге көтеріліп, бәрі де екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ал, Хиуаз Доспанова 300 рет жер бауырлаған фанера ұшақпен жау шебіне ұшып барып, бомба тастады. Бірақ марапаттан тыс қалды», -деп атап өтеді [1]. 288 Соғыстан кейін Хиуаз 2-топ мүгедегі болып оралды. Соғыстан кейін ауыр жарақаттарының салдарынан Хиуаз Доспанова әскери қызметін жалғастыра алмады. Алайда ол ел игілігіне қызмет етуді азаматтық өмірде жалғастырды. 1945 жылы Алматыға оралып, саяси және қоғамдық істерге белсене араласа бастады. Ең

алдымен, Хиуаз Доспанова Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшылығында қызмет етті. Оның ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігі жоғары бағаланып, халық шаруашылығы мен әлеуметтік салалардағы мәселелерді шешуге атсалысты. Хиуаз Доспанова партиялық және мемлекеттік қызметте көптеген жауапты лауазымдарды атқарды. Ол Қазақстанның түкпір-түкпірінде халықпен кездесулер өткізіп, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне ықпал етті. 1950 жылдары ол Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде басшылық қызмет атқарды. Осы жылдары жастар саясатының дамуына ерекше көңіл бөлді. Әсіресе, соғыстан кейінгі ауыр кезеңде жастардың білім алуына, олардың патриоттық рухын көтеруге және ел дамуына үлес қосуына жағдай жасады. Бұдан кейін ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметінде Хиуаз халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар көтерді. Ол әсіресе әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлді [2]. Хиуаз Доспанова әйелдердің құқықтары мен олардың қоғамдағы орнын көтеру мәселелеріне ерекше назар аударды. Соғыстан кейінгі Қазақстанда әйелдердің еңбек нарығындағы жағдайы ауыр болды. Хиуаз осы мәселеге ерекше мән беріп, әйелдердің білім алуына, жұмысқа орналасуына және олардың құқықтарының қорғалуына баса назар аударды. Сонымен қатар, ол денсаулық сақтау, мәдениет және білім салаларындағы реформаларға қатысып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға белсене араласты. Оның бастамаларының арқасында көптеген әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асты. Бірақ ол бейбіт өмірде де еліне адал қызмет еткен Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы Х.Доспанованың тікелей бақылауымен және бастамасымен «Медеу» мұз айдыны, «Горный гигант» алма бағы, «Ғалымдар үйі» және тағы басқа маңызды нысандар салынды. Сондай-ақ, мәдениет саласында да маңызы бар қойылымдар «Абай» мен «Шоқан» драмалары сахналанды. 37 жасында Хиуаз Доспанова денсаулығына байланысты зейнетке шыққаннан кейін шығармашылықпен айналысып, 1960 жылы «Под командованием Расковой», 1963 жылы «Халқым үшін» атты соғыс естеліктерін жазды [2]. Хиуаз Доспанова – тек соғыс кезінде ғана емес, бейбіт өмірде де елі үшін аянбай қызмет еткен қайраткер ретінде саяси және қоғамдық қызметімен Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосты. 2004 жылы оған Қазақстан Республикасының жоғары наградасы – «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Бұл марапат оның тек соғыс жылдарындағы ерлігі үшін ғана емес, соғыстан кейінгі еңбегі үшін де берілді. Хиуаз Доспанова – ерлігі мен еңбегі ел есінде мәңгі сақталатын тұлға. Ол тек ұшқыш-жауынгер ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың жанашыры және ел дамуына үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалды. Оның соғыстан кейінгі қоғамдық қызметі – қазіргі ұрпаққа үлгі болатын өмір жолы. Хиуаз Доспанованың өмірі мен еңбегі бүгінгі Қазақстан қоғамына үлкен өнеге. Оның есімі тек әскери тарихта ғана емес, қоғамдық-саяси өмірдің маңызды беттерінде де алтын әріптермен жазылған [3]. Хиуаз Доспанованың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жауапты қызметке тағайындалуы оның жоғары ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті. Бұл қызметте ол қоғамдық және мемлекеттік басқару саласында тәжірибе жинады. Оның жұмыс істеу стилі, табандылығы мен жауапкершілігі басшылық тарапынан жоғары бағаланды. Оның алғашқы қызметтік жылдары негізінен Қазақстанның әртүрлі аймақтарында әлеуметтік, экономикалық және мәдени жобаларды жүзеге асырумен байланысты болды. Осы кезеңде ол халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді зерттеп, олардың шешілуіне ықпал етті. 1950 жылдары Хиуаз Доспанова Қазақстан ЛКЖО (Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) 289 Орталық Комитетінде басшылық қызметі жылдарында бұл ұйым жастар саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын маңызды құрылым болды. Осы кезеңде ол жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың білім алуына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына ерекше көңіл бөлді. Оның басты бастамаларының

бірі – ауыл жастарына жоғары білім алуға мүмкіндік беру еді. Сол кездегі әлеуметтік жағдайға байланысты ауылдық жерлерден шыққан жастардың жоғары оқу орындарына түсуі қиын болатын ескерген Хиуаз Доспанова осы мәселені көтеріп, жастардың білімге қолжетімділігін арттыруға атсалысты. Кейінірек ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Бұл қызметінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік бастамаларды көтерді. Әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру және әйелдер құқығын қорғау мәселелеріне ерекше мән берді [4]. Хиуаз Доспанова әйелдердің қоғамдағы рөлін нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Соғыстан кейінгі кезеңде әйелдердің еңбек нарығындағы жағдайы қиын болды. Олар көбіне ауыр физикалық жұмыстарға жегіліп, лайықты еңбекақы ала алмады. Сонымен қатар, әйелдердің білім алуы мен әлеуметтік кепілдіктерге қол жеткізуі де шектеулі еді. Денсаулық сақтау саласында да ол үлкен жұмыстар атқарды. Соғыстан кейінгі Қазақстанда медициналық қызмет көрсету сапасы төмен деңгейде болды. Ауылдық жерлерде дәрігерлер жетіспеді, медициналық мекемелердің материалдық жағдайы нашар еді. Хиуаз Доспанова осы мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар көтеріп, медициналық қызметтердің халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз етуге атсалысты. Ол халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жастардың білім алуына, әйелдердің құқықтарын қорғауға және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты. Оның қоғамдық қызметі болашақ ұрпаққа үлгі болып қала береді. Хиуаз Доспанова – ерлігі мен еңбегі ел есінде мәңгі сақталатын тұлға. Ол тек ұшқыш-жауынгер ғана емес, қоғам қайраткері, халықтың жанашыры және ел дамуына үлес қосқан азамат ретінде тарихта қалды. Оның саяси және қоғамдық қызметі қазіргі Қазақстан қоғамына үлкен өнеге. Ол халықтың әл ауқатын жақсартуға, жастар мен әйелдердің жағдайын көтеруге бағытталған көптеген игі істерді жүзеге асырды. Хиуаз Доспанованың есімі тек әскери тарихта ғана емес, қоғамдық-саяси өмірдің маңызды беттерінде де алтын әріптермен жазылған. Оның ерен еңбегі мен қажырлы қызметі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады [5]. Хиуаз Доспанова Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина және Германияны азат ету шайқастарына қатысты. Ол «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және басқа да марапаттармен наградталды. Бірақ Кеңес Одағы оған лайықты ең жоғарғы марапатты бермеді. Тәуелсіз Қазақстан өз батырын ұмытқан жоқ. 2004 жылы Елбасының жарлығымен Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы» атағы берілді. Араға төрт жыл салып, 2008 жылы қазақтың қайсар қызы бұл дүниеден өтті. Бірақ оның рухы, ерлігі, елге сіңірген еңбегі халық жадында мәңгі сақталады. Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1 Тасбулатов А.Б., Аманжолов К. Военная история Казахстана. Очерки. Алматы: Рауан, 1998. - 176 с. 2 Асильов Н.Т. Воинские формирования Казахстана на фронтах Великой Отечественной войны. Нур-Султан: Военно-исторический музей ВС РК, 2021. - 388 с. 3 Ростов Н.Д. Подготовка офицеров запаса в гражданских высших учебных заведениях Сибири в годы Великой Отечественной войны // Известия Алтайского государственного университета. 2008. №. 4-3. С. 224-229. 4 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5 т. Т. 4. Алматы: «Атамура», 2009. - 768 с. 290 5 Проценко Е.Д. Великая Отечественная война: подготовка офицерских кадров (на материалах политорганов и партийных организаций внутренних войск). Автореф. канд. ист. наук. Санкт-Петербург, 1993. ЭОЖ 070.431 АЙМАҚТЫҚ CASPIAN NEWS ТЕЛЕАРНАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН Изғалиева Альбина Жамбылқызы izgaliyevaalbina04@maill.com «Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 4 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: senior лектор Мажитова Ләззат Қабдірқызы Цифрландыру дәуірінде адамдар ақпаратты әлеуметтік желілерден алып, жаңалықтарды сол арқылы білуді әдетке айналдырды. Дегенмен, теледидарға деген сенім әлі де жоғалған жоқ. Өйткені интернет ресурстары арқылы

жаңалықты жылдам алып, оны фото мен бейнематериалдармен бірге тамашалау мүмкіндігі бар. Оған пандемия уақыты мен «қанды қаңтар» оқиғасы дәлел. Бүгінде біз аймақтық телеарналардың танымалдыққа ие болып, еліміздегі өзге телекомпаниялармен бәсекеге түсе бастағанын байқап отырмыз. Осы орайда, облыс тарихындағы тұңғыш жекенменшік, тәуелсіз «Caspian News» телеарнасының тарихы мен даму жолына тоқталайық. Атырау қаласындағы алғашқы тәуелсіз аймақтық телеарна 2018 жылы құрылды. Алғашқы кезде телеарна тек қазақ тілінде хабар таратты. Бүгінде тәулігіне 24 сағат бойы қазақ және орыс тілдерінде хабар таратады. Бұрын бұл компания өзін бейнестудия ретінде таныстырып, Батыс аймақ тұрғындарына түрлі техникалық қызметтер ұсынатын. Бүгінде бұл телеарна елдің Каспий маңы өңіріне ақпарат тарататын үлкен арнаға айналды. Негізгі контенті Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша таралады. Сондай-ақ, еліміздің батыс өңіріндегі Орал, Ақтөбе қалаларын қосуға ниетті. Телеарнаның негізгі эфирлік кестесін ақпараттық-талдамалық тележобалар құрайды. Бұл телеарнаның бірегейлігі – ол екі Каспий маңы мұнайлы өңірінің аудиториясына бағытталған. Сол себепті мұнда мұнай-газ саласына, аймақтағы шағын және орта бизнестің дамуына ерекше назар аударылады. Жергілікті телеарнаның басты басымдықтары – экономика, әлеуметтік сала, мәдениет және басқа да маңызды тақырыптардағы жаңалықтар. Телеарнаның Маңғыстау облысының Ақтау қаласында меншікті тілшілер пункті және Атырау облысының 7 ауданында тілшілері бар. Телеарна цифрлық телевизиялық құрал жабдықтармен, тасымалды спутниктік телевизиялық станциямен, аппараттық кешендермен толық жабдықталған. Телеарна ОТАУ-ТВ спутниктік пакеті, Қазақстан бойынша ID TV кабельдік, Beeline TV, ALMA-TV желілеріне қосылған. Сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдармен «Caspian News» телеарнасында телевизиялық бағдарламалар мен сюжеттерді көрсету жөнінде келісімдері бар. Коронавирус пандемиясы кезінде және елдегі 2022 жылғы қаңтар оқиғалары сияқты төтенше жағдайлар барысында бұл телеарна оқиғалар орнынан жаңалықтар таратып, Орталық коммуникациялар қызметінің брифингтерін көрсетіп, өз жұмысын штаттық режимде жалғастырды. Телеарна директоры Қазбек Кертәев mgorod.kz сайтына берген сұхбатында: «Біз үшін ең үлкен мақтаныш – осы уақыт ішінде телекомпания бір күн немесе тіпті бір сағатқа да 291 жұмысын тоқтатпағаны, жаңалықтар мен басқа да бағдарламалар тұрақты түрде шығып, аймақ пен ел тұрғындарын ақпараттандырып отырғаны» деп атап өтті. Бүгінде «Caspian News» облыстық медиа нарықтың көшбасшыларының бірі саналады. Компанияның контентін талдау нәтижесінде редакция өзекті мәселелерге назар аударып, жаңалықтар саласында жедел жұмыс істейтіні, өз жобаларын әзірлеп, кросс-медиялық редакцияларға арналған контент жасайтыны байқалады. Телевизия оқиғаларды эмоция арқылы жеткізе алады, бірақ цифрландыру мен интернет дәуірінде жаңалықтарды әлеуметтік желілер арқылы әлдеқайда тез әрі көрнекі түрде білуге болады. Мысалы, «Caspian News» телеарнасы жаңалықтарды әр сағат сайын жариялайды және оларды алдымен әлеуметтік желілерде таратады. Бірақ бұған кейінірек тоқталамыз. Кез келген телебағдарлама белгілі бір деңгейде адамды мәдениетке жақындатады. Ақпараттық бағдарламалардың өзінде көрерменге оқиғаға қатысушылар, жүргізушілер, олардың сөйлеу мәнері, сауаттылық деңгейі көрсетіледі. Бұл көрерменнің дүниетанымына тікелей немесе теріс мысал ретінде әсер етеді. Әдетте, көрермен бағдарламалардың жүргізушілерін мәдениеттің үлгісі ретінде қабылдайды. Бұл жағдай телесыншыларды көбірек алаңдатады. Оған телеарналардың көбеюі кезінде мәдениеті төмен және жеткілікті білімі жоқ жүргізушілердің артуы себеп. Сол себепті жергілікті тәуелсіз телеарна облыстық халық шығармашылығы оратылығы мен Н. Жантөрин атындағы филармония, М.Өтемісов атындағы қазақ академиялық драма театрымен тығыз қызмет атқарады. Сөйтіп, телеарнаның мәдени ағартушылық рөлін кез келген мәдени шараларды – спектакльдерді,

концерттерді, кино мен телефильмдерді көрсету арқылы жүзеге асыруға болады. Телевидение арқылы көрермен өнермен жіті байланыс ұстап, «толыққанды танысады» деп айта алмаймыз. Бірақ өзіне таңсық туындылармен танысуға мүмкіндік беретіні жасырын емес. Мұндай бағдарламаларда көзі қырақты азаматтар үшін астыртың тәрбиелік мән беру көзделген. Сол себепті авторлардың міндеті – оны көрерменге барынша сыпайы әрі ықпал ететіндей жеткізу. Бұл функциялар тек қазіргі кезеңге ғана тән деп айтуға болмайды. Олар әр уақытта болған. Тек олардың маңызы мен басымдықтары өзгеріп отырды. Мысалы, кеңес дәуірінде тәрбиелік және ақпараттық функциялар бірінші орында тұрды, ойын-сауық бағдарламалары екінші кезекке қалатын. Жекеменшік арнаның кемшіл тұстары да бар. Мысалы, ойын-сауық бағдарламаларының саны мен сапасы бойынша мақтана алмайды. Себебі сапалы ойын-сауық контентін жасау үшін қосымша қаражат қажет. Бұл тек жекеменшік емес, мемлекет тарапынан қаржыландыратын облыстық арналар үшін де ортақ мәселе. Сондықтан, мұндай телеарналарда көбіне көп ақпараттық бағдарламаларға басымдық беріледі. Бүгінде телеарнадағы «жаңалықтар қызметі» бөлімі рейтингтегі жетекші орындарды алады. Аймақтық Caspian News телеарнасының басты өнімі әрі коммерциялық табысының негізі де осы. Телеарнадағы жарнаманың жартысынан көбі жаңалықтарға байланысты сатылады. Яғни, жергілікті жаңалықтардың сапасы жоғары болған сайын телеарнаның коммерциялық тиімділігі де артады. Мысалы, сағат сайын жаңалықтар тарататын «Caspian News» телеарнасы қоғам назарын аудартып, маңызды ақпарат жеткізуші ретінде қалыптасты. Оның ерекшелігі – телеарнаның ақпараттық редакциясы шектеулі аудиторияға бағытталған. Яғни, Caspian News телеарнасының негізгі көрермені – Атырау облысының тұрғындары. Жаңалықтардың 95%-ы осы өңірге арналады. Сондай-ақ, елдегі мұнай газ саласындағы жаңалықтарды назардан таса қалдырмайды. «Жаңалықтар қызметі» бөлімінің бас редакторы Жанар Низамуддинованың айтуынша, нақты әрі жедел ақпарат тарату, өзекті мәселелерді көтеру, атаулы даталарға тоқталу сынды ақпарат сілтемелері көрермен назарын аударады. Телеарнада күніне 8-10 жаңалықтар шығарылымы дайындалады. Күнделікті «жаңалықтар тізімі» түгенделеді. Дәлірек айтқанда, материалдарды таңдап, ақпараттар топтамасын реттеу, белгілі бір ретпен орналастыру десек қателеспейміз. 292 Caspian News жаңалықтарының ерекшеліктері: Облыстық телеарналарда жаңалық тек үш мезгіл таратылса, мұнда әр сағат сайын эфирге шығады; Облыстық телеарналарда жаңалық тек үш мезгіл таратылса, мұнда әр сағат сайын эфирге шығады; Журналистер оқиғалар орнында болып, жаңалықтар легін үздіксіз бақылайды; Ақпарат «Euronews» телеарнасының стилінде, яғни, дикторсыз беріледі; Әр апта соңында «Апта қорытындысы» ақпараттық-аналитикалық бағдарламасы аптаның маңызды оқиғаларын сараптап, қорытындылайды. Телеарна әр апта басында тікелей эфирде маңызды өңірлік тақырыптар талқыланып отырады. Бұл көрерменмен тығыз байланыс орнатуға әрі өзекті проблемалардың шешу жолына ықпал етуге бағытталады. Телеарнаның негізгі бағдарламалары: ақпараттық және ақпараттық аналитикалық бағдарламалар; танымдық-ойын-сауықтық бағдарламалар; мәдени-ағартушылық бағдарламалар; балаларға арналған бағдарламалар. Бағдарламалар мазмұнына қарай осылай топтастырылады: Жаңалықтар: күнделікті жаңалықтар, спорт жаңалықтары, «Апта қорытындысы», «Бүгінгі тақырып»; эфирге тұрақты түрде шығатын телесериалдар; Ойын-сауық: ток-шоулар, сараптамалық бағдарламалар; Балалар бағдарламасы: «Балдай», «Атырау Бала Фест»; Фильмдер: авторлық деректі фильмдер, «Алаш арыстары». «Апта қорытындысы» - Caspian News телеарнасының өзіндік аналитикалық бағдарламасы. Ол әр сенбі сағат 19:00- де қазақ тілінде, 20:00-де орыс тілінде эфирге шығады. Жалпы хабар жергілікті атқарушы органдардың қызметі, тұрғындардың өзекті мәселелері, апта ішіндегі басты оқиғаларға шолу жасайтын арнайы репортаждарға негізделеді. Бағдарламаның жүргізушісі – Айдос

Қарабала, тематикалық хабарлар бөлімінің бас редакторы. Тікелей эфирде әр дүйсенбі, сәрсенбі күндері өтетін «Бүгінгі тақырып» хабары телеарна рейтингінде алғаш тұрған бағдарламалардың бірі. Онда білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, экономика сияқты өзекті тақырыптар талқыланады. Жүргізуші мемлекеттік қызметкерлермен, экономистермен, заңгерлермен, дәрігерлермен, қоғам қайраткерлерімен бірге 30 минут бойы талқылау жүргізіп, көрермендердің қоңырауларына жауап береді. Бұдан бөлек телеарнада ақпараттық және ойын-сауықтық, тақырыптық бағдарламаларға аса көңіл бөледі. Мәселен, Caspian News телеарнасындағы мұндай хабарларда білім беру, денсаулық сақтау, құқықтық кеңес беру, мәдениет және кино тақырыптары қамтылады. Егер ақпараттық бөлімде тек жаңалықтар жанры басым болса, тақырыптық бөлімде жанрлар әртүрлі. Мысалы, «Caspian News» телеарнасында 30-ға жуық деректі-тарихи, ғылыми-танымдық, публицистикалық, ойын-сауықтық жанрдағы бағдарламалар көрсетіледі. Олардың арасында жергілікті атқарушы органдар қызметінің сапасын арттыру мен ашық үкімет тұжырымдамасын кеңінен насихаттауды мақсат тұтатын «Елге қызмет» хабары бар. Онда мемлекеттік мекеме немесе ведомство басшылары студияда сұхбат беріп, халық алдында есеп береді. Facebook және YouTube әлеуметтік желілерінде тікелей трансляцияда өтеді. «Әдеп кеңесі» бағдарламасында облыстық тәртіптік кеңестің жұмысы қарастырылады. Кеңес жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қызметін бақылап, талдау жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ этика кеңесінің қызметі қамтылады. Бағдарлама аясында мемлекеттік қызметкерлер арасындағы құқық бұзушылықтар талқыланып, олардың алдын-алу шаралары баяндалады. Қоғамдық тәртіп пен мемлекеттік қызмет сапасын арттыру мәселелері қозғалады. 293 Бұдан бөлек көрерменді заңнамалық салада бағдарлауға, олардың азаматтық құқықтарын қорғауға, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң туралы нақты түсінік беруге негізделетін «Заңға сай» бағдарламасының орны ерекше. Оған заң саласында жұмыс істейтін құқық қорғау органдары, прокурорлар, сот орындаушылар әрі қорғақышылар мен судьялар келеді. Соңғы уақытта көрермен көзайымына айналған «Психология» хабары азаматтардың осы бағытта ойланып жүрген сұрақтарына жауап береді. Телеарнада діни бағдарлама да бар. «Имам уақыты» – діни сауаттылықты арттыру – дәстүрлі дініміздің берік негізі және қоғамдық қауіпсіздіктің кепілі. Осыған байланысты «Имам уақыты» бағдарламасында дін саласындағы өзекті сұрақтарға имамдар мен теологтар жауап береді. «Caspian News» телеарнасының тематикалық бөлімі «Менің жолым» атты биографиялық бағдарламаны көрермен назарына ұсынады. Бұл бағдарлама Атырау облысының дамуына өз үлесін қосқан әртүрлі сала мамандарымен өтеді. Негізінен, жобаның кейіпкерлері – құрметті ардагерлер. Айына екі рет эфирге шығады. Сонымен қатар, телеарна биыл «Жұмысшы мамандықтар» жылына орай тағы бір түсірілімдік бағдарламаның тұсауын кесті. Эфирге журналист Орынгүл Бектілеуованың «Еңбеккер» атты авторлық хабары шықты. Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру – қоғамда еңбек адамының қадірін арттыру, оның кәсіби біліктілігін шыңдау, жұмысшы қарым қабілетін жан-жақты бағалауды мақсат тұтқан бағдарлама айына екі рет эфирге шығады. Биыл Мемлекет басшысының халыққа жолдауында да, Ұлттық құрылтай отырыстарында да сөз етілген спорт саласы да назардан тыс қалмады. Журналист әрі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің оқытушысы Арайлым Аманжанова авторлық SPORTLIFE жобасын көрермен назарына ұсынды. Бағдарламаның негізгі кейіпкерлері – спорт әр түрлерінен жеңіс тұғырынан көрінген жасөспірімдер. Өнерлі балаларды додаға салып, нағыз мықтыны анықтау. Телеарнаға балалар аудиториясын тарту. Осындай мақсатта телеарна ең үздік ATYRAU BALA FEST – 20256 атты балалар ток-шоуын эфирге шығарды. Оған әртүрлі өнер мектептері, талантты балалар қатысып, сайысады. Жоба айына екі рет қырақты көрермен назарына ұсынылады. Жоғарыда айтылып

өткендей телеарна әлеуметтік желілерде өте белсенді. Бүгінде YouTube, Facebook, Instagram, Tiktok, Telegram әлеуметтік желілері телеарнаның ақпараттық алаңының құрамдас негізгі бөлігі саналады. Қазіргі уақытта «Caspian News» телеарнасының Instagram желісіндегі ресми парақшасында 60,6 мыңнан аса оқырман бар. Оның 70 пайызға жуығы 25 пен 34 жас аралығындағы ерлер. Қаралым санына келетін болсақ, осы аптада қазақ тілінде шыққан «САЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТОЙ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫН ТЕКСЕРЕ БАСТАДЫ» атты сюжет 27 мыңнан аса қаралым жинап, топ жарып тұр. Парақша арнайы бейнемазмұндармен безендірілген, олар арқылы жаңалықтар сюжетін атауларымен фото және мәтін арқылы сипатталады. Және мәтін түріндегі жарияланымдарға қарағанда бейнероликтерге көп көңіл бөлінеді. «Caspian News» телеарнасының ресми парақшасы Facebook әлеуметтік желісінде 77 мыңнан аса жазылушыға ие. Бұл Instagram желісіндегі жазылушылар санының әлдеқайда көп екенін көрсетеді. Платформаның аналитикалық статистикасына сәйкес, оқырмандар арасында әйелдер басым. Tiktok әлеуметтік желісіндегі жаңа парақшаға аз уақыттың ішінде 73,2 мыңнан аса адам тіркелген. Көбіне күнделікті жаңалықтардың қаралымы жоғары. Ал YouTube әлеуметтік желісінде 55 мыңға жуық тіркелуші бар. Қорытындылай келе, биыл 7 жасқа толатын жас та болса, талабы мол телеарна аймақ тарихындағы ең белсенді жекеменшік, тәуелсіз болып қала бермек. Өңірдегі өткір проблемалардың басын ашып, шешу жолына ықпал етіп, әр тақырыпқа кең көлемде журналистік зерттеу жасау Caspian News телеарнасының ұстанымдарының бірі. Онда жұмыс істейтін 294 редакторлардың кәсіби тәжірибесі де хабар таратуда айрықша рөл ойнайды. Сонымен қатар, басты ерекшеліктерінің бірі жоғарыда айтылғандай халықты үздіксіз ақпаратпен қамтамасыз етуінде. Бүгінде штабтық орында 70-тен аса қызметкер жұмыс істейді. Олардың қажырлы еңбегі телеарнаның сапасының артуына, аудиторияның кеңеюіне ықпал етуде. Облыс тұрғындары да бұл телеарнаны өзекті тақырыптары мен журналистердің өткір сұрақтарына, аналитикалық хабарларына қарап, жоғары бағалайды. Бұқараның ыстық ықыласына бөленген медиа ұжым бұл қарқыннан таймай, одан әрі жұртқа қызмет етуге дайын.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1. Барлыбаева С. «Вехи развития казахского телевидения: 60 лет» - Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, 2018 жыл 2. Caspian News телеарнасының <https://www.instagram.com/caspiannews.kz/> 3. Caspian News телеарнасының [,https://www.facebook.com/caspiannews.kz](https://www.facebook.com/caspiannews.kz) 4. Caspian <https://t.me/Caspiannews.kz> News 5. Caspian News <https://www.youtube.com/@cntv-kz> 6. Caspian News телеарнасының телеарнасының телеарнасының <https://www.tiktok.com/@caspiannews.kz> Instagram Facebook Telegram YouTube TikTok желісіндегі желісіндегі желісіндегі желісіндегі желісіндегі